

Подписка на газету «Будни Аксая» на 2026 год через филиалы АО «Казпочта»

Физические лица:

3 мес. – 2 664,74 тенге

6 мес. – 5 329,48 тенге

12 мес. – 10 658,96 тенге

Юридические лица:

3 мес. – 3 258,32 тенге

6 мес. – 6 516,64 тенге

12 мес. – 13 033,28 тенге

Подписной индекс газеты: 66323. По всем вопросам обращаться в филиалы АО «Казпочта».

Бізді сүйеді. Бізді оқиды. Бізді күтеді.

Нас любят. Нас читают. Нас ждут.

We are loved. We are read. We are waited.

№9 (1277) 26 февраля 2026 года

Издается с 12 июля 2001 года.

Будни Аксая

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГАЗЕТА

Адрес: 5 мкрн., 19 дом.

Тел.: 8(71133)75755.

E-mail: budniaksaya@mail.ru

aksai.radio

@budniaksaya

+77770535358

Выбор сделан



■ 22 февраля состоялись выборы акима Жарсуатского сельского округа Бурлинского района. | Стр. 2

В ЗКО от кори скончался ребенок

■ Врачи Бурлинского района бьют тревогу: в районе отмечается рост заболеваемости корью, требующий принятия срочных мер по вакцинации для защиты населения. | Стр. 5



Иллюстрация из Интернета.

«Аксакалы вокала»: когда возраст звучит в унисон с музыкой



■ Есть дуэты, которые создаются по законам сцены, а есть те, что рождаются из самой жизни. В них нет продюсерского расчёта и громких стратегий, зато есть дружба, опыт и умение слышать друг друга без лишних слов. Дуэт «Аксакалы вокала» стал именно таким явлением для города Аксая. Их история не о возвращении в прошлое и не о борьбе со временем, а о спокойной уверенности людей, которые нашли свой голос тогда, когда многие уже ставят точку. За внешней простотой их выступлений скрывается путь длиною в десятилетия, наполненный музыкой, жизненными уроками и редким чувством внутренней свободы. | Стр. 8-9

История родного края – в музеях



■ Прошел двухдневный областной семинар инновационных методик и технологий «Краеведение и музей». | Стр. 3

«Красна и щедра наша Масленица»



■ В районном Доме дружбы состоялся традиционный праздник проводов зимы. Ежегодно это событие собирает жителей разных возрастов и национальностей, подтверждая: народные традиции по-прежнему живы и объединяют людей. | Стр. 4

Обязательные медицинские осмотры: формальность или реальная защита?

■ Профосмотры - это один из самых эффективных инструментов сохранения здоровья и предупреждения профессиональных заболеваний, считают санэпидемиологи. | Стр. 5

Әлеуметтік педагогтің кәсіби шеберлігі – бала құқығын қорғаудың кепілі

■ 16 ақпан күні Аксай қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі базасында Бөрлі ауданы білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтарына арналған аудандық семинар өтті. | Стр. 6

«КАРАЧАГАНАК ПЕТРОЛИУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б.В.» ЖТАҚ, ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ» ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес келесі әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында «БҚО ҚМГКК қалдықтарды кәдеге жарату кешенінің (ҚКЖК қауіпті емес қалдықтарды жинау және қалпына келтіру алаңы) «Күйген топырақ пен инертті толтырғыштарды сақтауға арналған уақытша алаң» объектісін техникалық қайта жарақтандырудың ықтимал әсерлері туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде ұйымдастырылатын қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

- 2026 жылғы 2 сәуірде сағ. 10.00-де БҚО, Бөрлі ауданы, Жарсуат а.о., Жарсуат ауылының мәдениет үйінде;

- 2026 жылғы 2 сәуірде сағ. 15.00-де БҚО, Бөрлі ауданы, Приурал а.о., Приурал ауылының мәдениет үйінде.

Есеп жобасымен Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ «Батыс Қазақстан облысы бойынша табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында оқып танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ tabigat_zko@mail.ru поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 күн бұрын қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі сайтында және «Батыс Қазақстан облысы бойынша табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында жарияланатын болады.

Ықтимал әсерлер бойынша есепті әзірлеуші туралы мәліметтер және байланыс деректері: «Ақсайгазпроект» ЖШС, БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қ., Промышленная зона, 68у; БСН 010640000994. Электрондық пошта: Aksaigasproject@mail.ru. Тел.: +7 711 339 2801, +7 776 985 0205.

Қосымша ақпаратты Ақсай қ., Халықтар достығы көшесі, 21/1, «Қарашығанақ» бизнес орталығы мекенжайы немесе 87113367540 телефон нөмірі бойынша алуға болады.

АОЗТ «КАРАЧАГАНАК ПЕТРОЛИУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б.В. КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что на территории следующих административно-территориальных единиц состоятся общественные слушания в форме открытых собраний по проекту отчета о возможных воздействиях «Техническое перевооружение объекта «Временная площадка для хранения сожженного грунта и инертных заполнителей» Комплекса утилизации отходов (Площадка для накопления и восстановления неопасных отходов КУО) КНГКМ ЗКО».

- 02.04.2026 года в 10 час. 00 мин. по адресу: Западно-Казахстанская область, Бурлинский район, Жарсуатский с.о., с.Жарсуат, в Доме культуры;

- 02.04.2026 года в 15 час. 00 мин. по адресу: Западно-Казахстанская область, Бурлинский район, Приуральный с.о., с.Приуральное, в Доме культуры.

С проектом отчета можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов: <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД-СОС, а также tabigat_zko@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области».

Реквизиты и контактные данные составителя отчета о возможных воздействиях: ТОО «Ақсайгазпроект», Западно-Казахстанская область, Бурлинский район, г. Ақсай, Промышленная зона, 68у; БИН 010640000994. Электронная почта: Aksaigasproject@mail.ru. Телефоны: +77113392801, +77769850205.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Ақсай, ул. Дружбы народов, 21/1, Бизнес Центр «Карачаганак» или по телефону: 87113367540.

Ақсайда үздік тіл мамандары анықталды

Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған, дәстүр мен жаңашылдық тоғысқан «XXI ғасыр филологі: дәстүр мен инновация» атты аудандық олимпиада 12 ақпан күні Ақсай қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебінде ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты – пәндік және цифрлық сауаттылық деңгейі жоғары, дарынды тіл маманы – мұғалімдерді анықтау, сондай-ақ заманауи білім беру талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Аталмыш олимпиада мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттырып, озық тәжірибе алмасуына мүмкіндік берді.

Аудандық білім беру бөлімінің орыс тілі мен ағылшын тілі пәндері бойынша әдіскері Жазира Кукенова байқаудың маңыздылығына тоқталып өтті.

- «XXI ғасыр филологі: дәстүр мен инновация» олимпиадасы – бүгінгі білім беру жүйесіндегі жаңашылдық пен кәсіби шеберліктің үйлесімін көрсететін маңызды алаң. Байқау барысында мұғалімдер тек пәндік білімдерін ғана емес, заманауи цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдана алатындығын дәлелдеді. Әсіресе қатысушылардың сабақ құрылымын құрастырудағы жүйелілігі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалары жоғары деңгейде болды. Бүгінгі жеңімпаздар – тек өз мектептерінің ғана емес, ауданымыздың да абыройын асқақтататын білікті мамандар. Алдағы уақытта да осындай мазмұнды шаралар жалғасын табады деп сенеміз, – деді әдіскер.

Аудан мектептерінен жиналған қатысушылар бірнеше кезең бойынша бақ сынады. Әр кезең мұғалімдердің



кәсіби дайындығы мен шығармашылық әлеуетін жан-жақты бағалауға бағытталды.

Атап айтқанда, олар: тестілеу тапсырмаларын орындап, пәндік білім деңгейін, теориялық дайындығының беріктігін және мемлекеттік білім беру стандарты талаптарын меңгеру дәрежесін көрсетті; орыс тілі мен әдебиетінің негізгі бөлімдері бойынша білімін дәлелдеп, кәсіби құзыреттілігін айқындады. Эссе жазу арқылы педагогикалық ұстанымы мен заманауи білім беру үдерісіне көзқарасын танытып, авторлық ой-пікірін жүйелі жеткізе білді; кәсіби құндылықтарын, оқытудағы жеке тәжірибесін және білім берудегі өзекті мәселелерге қатысты пайымын саралап көрсетті. Оқыту әдістемесіне байланысты практикалық тапсырмалар орындап, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана шеберлігін дәлелдеді; сабақ құрылымын сауатты жоспарлап, оқу



мақсаттарына сәйкес сараланған тапсырмалар құрастыра білді, білім алушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық технологияларды ұтымды пайдаланды. Жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып әзірленген сабақ фрагментін және оқу тапсырмасын ұсынып, цифрлық құзыреттілігі мен инновациялық ойлау қабілетін көрсетті. Әсіресе соңғы кезеңде қатысушылар білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды ұтымды қолданудың маңызын айқындап, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тың идеяларымен ерекшеленді.

Бұл байқау педагогтердің тек теориялық білімін ғана емес, практикалық шеберлігі мен заманауи талаптарға бейімділігін де айқындады.

Олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді: I орынға Ақсай қаласының

№6 мектеп-лицейінің мұғалімі Рысғұл Байбатырова ие болды. II орынды Ақбұлақ мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің мұғалімі Оксана Баранова, Ақсай қаласының №5 ЖОББМ мұғалімі Макпал Мұхамбетова, Ақсай қаласының №7 ЖОББМ мұғалімі Эльвира Ситкалиева иеленді. Сонымен қатар, III орынға Ақсай қаласының №1 ЖОББМ мұғалімі Татьяна Пархоменко, Қарасу МББК мұғалімі Диляра Кетикова және Ақсай қаласының №3 ЖОББМ мұғалімі Анастасия Халанская ие болды.

Байқау қорытындысында жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен марапатталып, олардың кәсіби шеберлігі мен жаңашыл бастамалары жоғары бағаланды. Осындай байқаулар ұстаздардың тәжірибе алмасуына, кәсіби дамуына және білім беру сапасын арттыруға зор ықпал етеді.

Анарғұл КУШЕРБАЕВА